

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысының өткізілгендігі жөнінде анықтама

Наурыз айының 12-сі күні қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы өткізілді. Күн тәртібінде: Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, үйірме жұмыстарға қатысымы. Санитарлық –сақтық нормаларын ұстану туралы мәселелер қаралды.

Кеңес төрағасы Данышпанов Ұзақбай сөз барысында бүгінгі бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелесіне тоқталды. Өйткені қазіргі қоғамда ең маңызды мәселелердің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын-алу үшін балаларымыздың дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруі керектігі айтылды.

Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынасары А.Калиева құқықшылықтың алдын алу аясында жүргізілген жұмыстарға тоқталып, ның ішінде түнгі рейд жұмыстары, мектептің ішкі ережесі, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы үйірмелерге қатысымы туралы айтылды.

Мектеп медикесі А.Абдраухова мектептегі маскалық режимнің сақталуы, антисептиктерді үнемі қодану, класс бөлмелерінің ылғалды жұмыстарын жүргізу, белгіленген уақытта кварцтау жұмыстарының жүргізілетіндігін сөз етті.



Тәрбие ісінің орынбасары: *Алия* А.Калиева